

2025-2026 оқу жылының әдістемелік кеңесінің жоспары

Р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.2025-2026 оқу жылында Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	қыркүйек	Әдіскер
2	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы "Экологиялық мәдинет негізін қалыптастыру»	ақпан	Әдіскер
3	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. -құқықтық және қаржылық сауаттылық - Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау	сәуір	Әдіскер

**ЖШС «Иштаев Е.А» «Айгөлек» жеке бөбекжайының
әдістемелік кеңестің №1 хаттамасы**

10.09.2025 жыл

Қатысқандар: педагогтары.

Қатысқандар саны: 10

Күн тәртібінде:

1. 2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. Педагогтердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға арналған нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмысын үйлестіру.
3. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы және дамытушы орталықтардың жабдықталу жағдайы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша төрайым А.Кошбаева сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2025–2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнымен педагогтерді таныстырды.

Әдіскер нұсқау хатта көрсетілген негізгі бағыттарға тоқталды. Атап айтқанда:

- әрбір тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы жағдай жасау;
- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру;
- ойын арқылы оқыту және балалардың дербестігін дамыту;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау және инклюзивті білім беру қағидаларын іске асыру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастыру.

Сонымен қатар педагогтердің құжаттаманы жүргізу тәртібі, тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау ерекшеліктері және ата-аналармен өзара іс-қимыл мәселелері түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.Мамбетова педагогтерге жаңа оқу жылында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық құжаттар таныстырылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Үлгілік оқу бағдарламасы және басқа да нормативтік құжаттар негізінде жұмыс жүргізу қажеттігі түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қаралды. Топ бөлмелерінің санитарлық талаптарға сәйкестігі, дамытушы орта мен ойын орталықтарының жабдықталуы, қауіпсіздік талаптарының сақталуы туралы ақпарат берілді.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші А.Т.Тулеугалиева әдістемелік нұсқау хаттағы талаптар мен өзгерістер толық түсіндірілді. Жаңа оқу жылында қойылған міндеттерді сапалы орындауға дайынбыз.

Шешімі:

1.2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын. Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген міндеттердің орындалуы оқу жылы бойы бақылауда ұсталсын
Жауапты: әдіскер Н.Мамбетова

2.Педагогтер тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарын қатаң сақтасын.

Жауапты/ педагогтер.

3.Топтардағы дамытушы пәндік-кеңістіктік орта мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес толықтырылсын.

Жауапты/топ тәрбиешілері.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



А.Т.ТУЛЕУГАЛИЕВА

А.Х.Кошбаева

Хатшы:

А.Құрметова

**ЖШС «Иштаев Е.А» «Айгөлек» жеке бөбекжайының
әдістемелік кеңестің №2 хаттамасы**

12.02.2026 жыл

Қатысқандар: педагогтары.
Қатысқандар саны: 10

Күн тәртібінде:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Экологиялық мәдениет негізін қалыптастыру» тақырыбындағы әдістемелік баяндама.
тәрбиеші: А.Б.Сәмен
3. Топтарда экологиялық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру деңгейі туралы тақырыптық бақылау қорытындысы.
әдіскер Н.Мамбетова
тәрбиеші О.Атауова
4. Педагогтердің іс-тәжірибе алмасуы.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Н.Мамбетова №1 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы хабарлама жасады. Педагогтердің 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат талаптарымен толық танысқаны, перспективалық жоспарлар мен циклограммалардың уақытылы бекітілгені, топтардағы дамытушы орта талапқа сәйкес толықтырылғаны атап өтілді. Кеңес шешімдерінің орындалу деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші: А.Б.Сәмен «Экологиялық мәдениет негізін қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы, табиғатқа қамқорлықпен қарау дағдыларын қалыптастыру жолдары және экологиялық мәдениетті дамытудағы педагогтің рөлі туралы айтылды.

Экологиялық тәрбиенің негізгі бағыттары ретінде:

- табиғатқа сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- қоршаған ортаны қорғау туралы қарапайым түсініктер беру;
- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау дағдыларын дамыту;
- табиғат бұрышындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру;
- экологиялық ойындар, бақылаулар және тәжірибелер жүргізу арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру мәселелері қарастырылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Н.Мамбетова тақырыптық бақылау қорытындысын таныстырды. Бақылау барысында топтардағы табиғат бұрыштарының жағдайы, экологиялық бағыттағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұны, серуен кезіндегі бақылау жұмыстары және экологиялық ойындардың қолданылуы зерделенді.

Нәтижесінде педагогтердің экологиялық тәрбиені оқу-тәрбие процесіне жүйелі енгізіп отырғаны анықталды. Сонымен қатар кейбір топтарда табиғи материалдар қорын толықтыру және тәжірибелік жұмыстар санын арттыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші тәрбиеші О.Атауова өз тәжірибелерімен бөлісті. Педагогтер экологиялық ойындар, зерттеу әрекеттері, табиғатты бақылау жұмыстары және ата-аналармен бірлескен экологиялық акцияларды ұйымдастыру тәжірибесін таныстырды.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші О.Атауова Балалардың табиғатқа қызығушылығы жыл сайын артып келеді. Экологиялық бағыттағы жұмыстар олардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

А.Құрметова Табиғат бұрышындағы жұмыстар балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыруға және табиғатты қорғау мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді.

Шешімі:

1. №1 әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Экологиялық мәдениет негізін қалыптастыру» тақырыбы бойынша жүргізілетін жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын. Жауаптылар: топ тәрбиешілері.
3. Әр топта экологиялық тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жүргізілсін. Жауаптылар: топ тәрбиешілері.
4. Экологиялық тәрбие беру бағытындағы озық тәжірибелер жинақталып, педагогтер арасында таратылсын.

Жауапты: әдіскер Н.Мамбетова

Әдістемелік кеңес төрайымы:



А.Х.Кошбаева

Хатшы:

А.Құрметова

**ЖШС «Иштаев Е.А» «Айгөлек» жеке бөбекжайының
әдістемелік кеңестің №3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 16.04.2026 жыл

Қатысқандар: бөбекжай педагогтері

Қатысушылар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Құқықтық және қаржылық сауаттылық бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.
3. Оқу жылының жұмыс қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынылатын педагог кандидатураларын қарау.

ТЫҢДАЛДЫ: әдіскер Н.Мамбетова №2 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы хабарлама жасады. Әдістемелік кеңестің шешімдеріне сәйкес топтарда экологиялық тәрбие беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілгені, дамытушы ортаның толықтырылғаны, педагогтердің тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылғаны айтылды. Қабылданған шешімдердің орындалу деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.Мамбетова құқықтық және қаржылық сауаттылық бағытында жүргізілген жұмыстардың қорытындысын таныстырды. Оқу жылы барысында педагогтер мен тәрбиеленушілердің ата-аналарына құқықтық мәдениетті қалыптастыру және қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында кеңестер, ақпараттық сағаттар, әңгімелер мен түсіндіру жұмыстары өткізілгені атап өтілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналардың құқықтық білім деңгейі мен қаржылық жауапкершілігі артып, педагогтердің осы бағыттағы әдістемелік құзыреттілігі нығайғаны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі оқу жылының қорытындысы бойынша педагогтердің кәсіби қызмет нәтижелерін талдады. Педагогтердің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы жетістіктері, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен жүргізген жұмыстары, әдістемелік іс-шараларға қатысу белсенділігі мен шығармашылық ізденістері ескерілді.

Мадақтауға ұсынылатын педагог кандидатуралары талқыланды:

- О.Атауова – оқу-тәрбие жұмысындағы жоғары нәтижелері үшін;
- А.Құрметова – инновациялық әдістерді тиімді қолданғаны үшін;
- А.Сәмен – ата-аналармен жүргізілген жүйелі жұмысы үшін.

СӨЙЛЕДІ:

Құрылтайшы Ф.К.Иштева педагогтердің жыл бойғы еңбегі мен кәсіби жетістіктерін бағалау ұжымның ынтасын арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Сонымен қатар Құқықтық және қаржылық сауаттылық бойынша өткізілген іс-шаралардың маңыздылығын айтып, келесі оқу жылында да жұмысты жалғастыруды ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Құқықтық және қаржылық сауаттылық бағытындағы жұмыстардың нәтижесі оң деп бағалансын және келесі оқу жылында жалғастырылсын.
3. Оқу жылының қорытындысы бойынша төмендегі педагогтер мадақтауға ұсынылсын:

О.Атауова – оқу-тәрбие жұмысындағы жоғары нәтижелері үшін;
А.Құрметова – инновациялық әдістерді тиімді қолданғаны үшін;
А.Сәмен – ата-аналармен жүргізілген жүйелі жұмысы

Педагогтердің озық тәжірибесін тарату және кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстары келесі оқу жылында жалғастырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



[Handwritten signature]

А.Х.Кошбаева

Хатшы:

[Handwritten signature]

А.Құрметова